

## 5-Теориялық материал

### Айналым капиталының пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері

Айналым қаржыларының пайдалану тиімділігін айналымдылық коэффициенті, айналу ұзақтығы және қаржылардың айналымдағы жүктелу коэффициентімен сипаттайды.

Айналым қаржыларының айналымдылық коэффициенті – қарастырылған кезеңдегі айналым саны. Айналымдылық коэффициенті неғұрлым жоғары болса, айналым қаржылары соғұрлым тиімді қолданылады.

Айналым қаржыларының айналымдылық коэффициенті есептеледі:

$$K_{об} = \frac{Q_p}{C_{ос}} \quad (24)$$

мұнда  $Q_p$  – кәсіпорынның көптеп сату бағасындағы өткізілген өнім көлемі;  
 $C_{ос}$  – кәсіпорынның айналым қаржыларының жалпы нормативі.

Айналым ұзақтығы:

$$T_{об} = \frac{D_k}{K_{об}} \quad (25)$$

$D_k$  - бір жыл ішіндегі күнтізбелік күндер саны

Айналым қаржыларының айналымдағы жүктелу коэффициенті:

$$K_{заг} = \frac{C_{ос}}{Q_{пр}} \quad (26)$$

мұнда  $Q_{пр}$  – өнімнің тауарлық көлемі, тг.